«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ
РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА
ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ
МОНОПОЛИЙ ПО ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ
МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

29.09.2026 № 76-НҚ
Талдықорған қаласы

ПРИКАЗ

город Талдыкорган

«Ақсу ТВК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне тариф және тарифтік сметасын бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8, 12, 15 және 16-баптарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 79 және 80-баптарына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64 және 65-баптарына, Департамент туралы ереженің 6-тармағына сәйкес, «Ақсу ТВК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2026 жылғы «13» тамыздағы №31344 өтінімін, оған қоса берілген материалдарды, тариф және тарифтік сметаның жобасын қарау нәтижелері бойынша 2026 жылғы «28» қыркүйектегі №0/9318-ВН қорытындыны қарап, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ақсу ТВК» ЖШС-нің жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне тариф және тарифтік сметасы бекітілсін.
2. «Ақсу ТВК» ЖШС-нің жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне тариф және тарифтік сметасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің 2023 жылғы 20 қарашадағы №97-НҚ бұйрығының күші жойылсын.
3. «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті» РММ осы бұйрықты «Ақсу ТВК» ЖШС-нің назарына жеткізсін.
4. «Ақсу ТВК» ЖШС-нің жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және онымен жабдықтау қызметтеріне тариф пен тарифтік сметалардың бекітілгені туралы ақпаратты тұтынушыларды ресми бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етуді және тұтынушыларға хабарланғаны туралы ақпаратты Департаментке күнтізбелік бес күннен кешіктірмей ұсынуды тапсырсын.
5. «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті» РММ жариялануға тиісті ақпараттың уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

000616

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департамент басшысына жүктелсін.

7. Осы бұйрық оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Тариф «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Тарифтерді қалыптастыру қағидаларында белгіленген мерзім сақтала отырып, 2026 жылғы «01» қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

8. Осы бұйрыққа, қатысушыға осы бұйрықтың қабылданғаны туралы белгілі болған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабында көзделген тәртіппен, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетіне шағым жасалуы мүмкін.

Департамент басшысы **Д.Калибеков**